3. **Назар аударыңыз!** Егер балаға пешті қауіпсіз пайдалануға және қате пайдаланудың қауіптілігін түсінуге мүмкіндік беретін тиісті нұсқаулар берілген болса, балаларға пешті қадағалаусыз пайдалануға мүмкіндік беріңіз.
4. **Назар аударыңыз!** Аспап аралас режимде жұмыс істегенде құрылғы бөліп шығаратын жоғары температураға байланысты балалар пешті тек қана ересектердің қадағалауымен пайдалануы тиіс (тек қана қақтамасы бар топтама үшін).
5. Тек қана қысқа толқынды пештерде пайдалануға жарамды ыдысты пайдаланыңыз.
6. Пешті үнемі тазалау және тамақтың кез келген түзілімдерін жою қажет.
7. Келесі нұсқауларды оқып шығыңыз және орындаңыз: «ҚЫСҚА ТОЛҚЫНДЫ ЭНЕРГИЯНЫҢ ШЕКТЕН ТЫС ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУГЕ АРНАЛҒАН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ».
8. Азық-түлікті пластикалық немесе қағаз контейнерлерде жылытқанда тұтану ықтималдығы бар болғандықтан, пешті қадағалаңыз.
9. Егер түтіндеу байқалса, аспапты сөндіріңіз немесе ажыратыңыз және от сөнугі үшін, есікшені жабық күйде ұстаңыз.
10. Тамақты шеткен тыс жылытпаңыз.
11. Пешті азық-түлікті сақтау үшін пайдаланбаңыз. Нан, піспенан сияқты және т.б. азық-түлікті құрылғының ішінде сақтамаңыз.
12. Пеште жылытар алдында қағаз немесе пластикалық контейнерлерден/ пакеттерден сымды ширатпалар мен металл тұтқаларды алып тастаңыз.
13. Осы пешті тек қана қоса берілген нұсқауларға сәйкес орнатыңыз және жайғастырыңыз.
14. Қабықтағы жұмыртқаны және қатты қайнатып пісірілген бүтін жұмыртқаны пеште жылытпау қажет, себебі олардың, мысалы, қысқа толқындармен жылыту процесі аяқталғаннан кейін жарылуы мүмкін.
15. Осы құрылғыны тек қана мақсаты бойынша, нұсқаулықта сипатталғандай пайдаланыңыз. Құрылғыда жемір химиялық затарды немесе буларды пайдаланбаңыз. Пеш жылытуға арнайы әзірленген. Ол коммерциялық немесе өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған.
16. Электр тогынан жарақаттануға және зақымдануға жол бермеу үшін зақымдалған желі кабелін өндіруші, сервис орталығының өкілі немесе басқа білікті маман ауыстыруы тиіс.
17. Аспапты ашық ауада сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.

18. Осы пешті суға жақын жерде, ылғал үй-жайларда немесе бассейндерге жақын жерде пайдаланбаңыз.
19. Жұмыс жағдайында қорғалмаған беттердің температурасы жоғары мәнге жетуі мүмкін. Қуат беру баусымын қызған беттерден алыс ұстаңыз, сонымен қатар пештің үстіне ешқандай заттарды қоймаңыз.
20. Баусымның үстелдің немесе үстелдің үстінгі бетінің жиегінен салбырап тұруына жол бермеңіз.
21. Пешті таза күйде сақтау бойынша талаптарды сақтамау бет сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін, бұл аспаптың қызмет ету мерзіміне кері әсер етуі, қауіпті жағдаяттың пайда болуына әкелуі мүмкін.
22. Тамақтандыруға арналған шөлмектердің және балалар тамақтарына арналған құтылардың ішіндегісі араластырылған немесе шайқалған болуы, ал күйік алмау үшін пайдаланар алдында температурасы тексерілуі тиіс.
23. Сусындарды жылыту баяу қайнауға әкелуі мүмкін, сондықтан ыдысты пештен алғанда сақ болыңыз.
24. Олар қадағалауда болған немесе оларға аспап қауіпсіздігі үшін жауапты тұлға пайдалану жөнінде нұсқау берген жағдайларды қоспағанда, аспап физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғалардың (соның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған (еуропалықтан тыс нарықтар үшін).
25. Балалардың ойынында аспапты пайдалану мүмкіндігін болдырмау үшін оларды қадағалау жүзеге асырылуы тиіс. Егер олар қадағалауда болса немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану нұсқаулары берілген болса және олар мүмкін қауіптерді түсінетін болса, бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдар пайдалана алады. Балаларға аспаппен ойнауға тыйым салынады. Балаларға қадағалаусыз тазалаумен және де қызмет көрсетумен айналысуға тыйым салынған (еуропалық нарық үшін).
26. Қысқа толқынды пеш шкафқа орнатылмауы тиіс.
27. Қысқа толқынды пеш азық-түлік өнімдерін және сусындарды жылытуға арналған. Азық-түлік өнімдерін немесе киімді кептіру және жылытқыларды, тәпішкелерді, ысқыштарды, дымқыл матаны және осыларға ұсқас заттарды жылыту жарақатқа, тұтануға немесе өртке әкелуі мүмкін. Тазалау кезінде аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспап бумен тазартқыштың көмегімен тазаланбауы тиіс.
28. Пеште дайындау үшін азық-түлік пен сусындарға арналған металл контейнерлерді пайдалануға болмайды.
29. Контейнерлерді пештен алғанда бұрма үстелдің жылжымауын қадағалау қажет.
30. Қысқа толқынды пештің шектен тыс қызуын болдырмау үшін оны сәндік есікшенің артына орнатуға болмайды.
31. Әрі қарай пайдалану үшін қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.

Электр тогымен зақымдану қатерін төмендету үшін құрылғыда қорғаныш жерге тұйықтау пайдаланылады.

ҚАУІПТІ!

Құрылғының кернеулі бөліктеріне тиген кезде электр тогының соғуы ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін. Бұл құрылғыны бөлшектемеңіз.

Бұл құрылғы жерге тұйықталған болуы тиіс. Қысқа электрлік тұйықталу жағдайында жерге тұйықталу, құрылғы корпусынан кернеуді арылтып, электр тогымен зақымдану қатерін төмендетеді. Бұл аспап жерге тұйықталған ашасы бар жерге тұйықталған сымды баусыммен жабдықталған. Аша дұрыс орнатылған және жерге тұйықталған розеткаға тығылған болуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Электр тогымен зақымдану қаупі. Жерге тұйықтауды дұрыс пайдаланбау электр тогымен зақымдануға алып келуі мүмкін. Аспап дұрыс орнатылмайынша және жерге тұйықталмайынша ашаны розеткаға тықпаңыз.


Егер жерге тұйықтау бойынша нұсқаулықтар толық түсінікті болмаса немесе аспап жерге дұрыс тұйықталғанында күмән болса, білікті электршіге немесе қызмет көрсету жөніндегі маманға жүгініңіз. Егер ұзартқышты пайдалану қажет болса, тек қана үш талсымды ұзартқышты пайдаланыңыз.

ТАЗАЛАУ

Міндетті түрде пешті қуат беру желісінен ажыратыңыз.

1. Пайдаланғаннан кейін пештің ішкі беттерін сәл дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
2. Аксессуарларды қалыпты тәсілмен сабынды суда тазалаңыз.
3. Егер олар ластанбаған болса, есік рамасы мен тығыздауыш, сондай-ақ көршілес бөлшектер, дымқыл матамен мұқият тазалануы тиіс.

1. Ұзын баусымдардың шатасып қалуын немесе оларға сүріну қатерлерін азайту үшін қысқа қуат баусымы қарастырылған.
2. Егер ұзын баусым немесе ұзартқыш пайдаланылатын болса:
 - 1) Ұзартқыштың атаулы тогы пештің қуат беру баусымының атаулы тогынан төмен болуы тиіс.
 - 2) Ұзартқышта жерге тұйықтаудың 3-м өткізгіші болуы тиіс.
 - 3) Ұзын сымға сүрінбеу үшін және оны балалар тартпауы үшін, ол үстелден немесе үстелдің үстіңгі тақтайынан салбырамайтындай етіп орналастырылуы тиіс.



ЫДЫС

АБАЙЛАҢЫЗ!

Жарақат қауіпті

Құрылғы корпусын ашу қажет болатын жөндеу және қызмет көрсету жұмыстарын тек қана білікті қызметкер орындауы тиіс.

«Қысқа толқынды пеште пайдалануға болатын немесе пайдалануға болмайтын материалдар» тарауындағы нұсқаулықты қараңыз. Қысқа толқынды пеште пайдалану үшін қауіпті металл емес ыдыстардың белгілі бір түрлері болады. Егер күмәндансаңыз, сіз төменде келтірілген рәсімді орындап, ыдысты тексере аласыз.

Ыдысты сынау:

1. Қауіпсіз контейнерге 1 стақан (250мл) суық су құйыңыз, ал сыналатын ыдысты бос қалдырыңыз.
2. Пешке қойыңыз және максимал қуатта 1 минутқа іске қосыңыз.
3. Ыдысты мұқият ұстап көріңіз. Егер бос ыдыс жылы болса, оны қысқа толқынды пеште тамақ дайындау үшін пайдаланбаңыз.

Қысқа толқынды пешті пайдалану кезінде қолданбау қажет материалдар Пайдаланылатын ыдысқа қатысты ескертулер

| | |
|---------------------------------|--|
| Алюминий жұқалтыр | Тек қана орау. Кішкентай тегіс кесектерді шектен тыс қызуға жол бермеу үшін еттің немесе құстың жұқа бөліктерін жабу үшін пайдалануға болады. Егер жұқалтыр пештің қабырғаларына жақын орналасатын болса, ұшқындау пайда болуы мүмкін. Жұқалтыр пеш қабырғаларынан кем дегенде 1 дюйм (2,5 см) қашықтықта орналасуы тиіс. |
| Қуыруға арналған ыдыс | Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Қуыруға арналған ыдыстың төменгі жағы бұрма дисктің үстінде кем дегенде 3/16 дюйм (5 мм) қашықтықта орналасуы тиіс. Қате пайдалану бұрма дисктің сынуына алып келуі мүмкін. |
| Асханалық ыдыс | Тек қана қысқа толқынды пешке жарамды. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Шытынаған немесе жарылған ыдысты пайдаланбаңыз. |
| Шыны құтылар | Қақпақшаны үнемі шешіп алыңыз. Ол жылымайынша, тамақты жылыту үшін ғана пайдаланыңыз. Шыны құтылардың көбі қызуға төзімді болып табылмайды және шытынап кетуі мүмкін. |
| Шыны бұйымдар | Тек қана пешке арналған қызуға төзімді ыдыс. Металл элементтерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Шытынаған немесе жарылған ыдысты пайдаланбаңыз. |
| Дайындауға арналған пакеттер | Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Металл баумен байламаңыз. Бу шығуы үшін тіліктер жасап қойыңыз. |
| Қағаз төрелкелер мен айшанақтар | Тек қана қысқа мерзімді дайындау / жылыту үшін пайдаланыңыз. Дайындау кезінде тұшпапешті қадағалаусыз қалдырмаңыз. |
| Қағаз сүлгілер | Тамақты жабу және артық майды сіңіру үшін пайдаланыңыз. Тамақты қысқа мерзімді дайындау үшін қадағалаумен пайдаланыңыз. |
| Пергаментті қағаз | Шашырауға жол бермеу үшін немесе булау кезінде орау үшін қақпақша ретінде пайдаланыңыз. |
| Пластикалық бұйымдар | Тек қана қысқа толқынды пешке жарамды өнімдер. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. «Қысқа толқынды пеш үшін қауіпсіз» деген белгісі болуы тиіс. Кейбір пластикалық контейнерлер ериді, себебі ішіндегі тамақ қызады. Көмештеуге арналған пакеттер және қымтап жабылған полиэтилен пакеттер қаптамалардағы нұсқауларға сәйкес тілінген немесе тесілген болуы тиіс. |
| Пластикалық орама | Тек қана қысқа толқынды пешке жарамды. Ылғалды сақтап қалу үшін дайындаған кезде тамақты орау үшін пайдаланыңыз. Пластикалық орамаға тамақпен түйсуге жол бермеңіз. |
| Термометрлер | Тек қана қысқа толқынды пеш үшін қауіпсіз өнімдер (ет немесе кондитерлік өнімдерге арналған термометрлер). |
| Балауызды қағаз | Шашырауды болдырмауға және ылғалды ұстап қалуға арналған орауыш ретінде пайдаланыңыз. |

Қысқа толқынды пешті пайдалану кезінде қолданбау қажет материалдар Пайдаланылатын ыдысқа қатысты ескертулер


| | |
|---|---|
| Алюминий тұғырықтар | Ұшқындауды тудыруы мүмкін. Жылытылған тамақты басқа ыдысқа салу. |
| Металл тұтқасы бар тағамдық картон | Ұшқындауды тудыруы мүмкін. Жылытылған тамақты басқа ыдысқа салу. |
| Металдан жасалған немесе металмен өңделген ыдыс | Металл қысқа толқындардың тамаққа қолжетімділігін жабады. Металмен өңдеу ұшқындауды тудыруы мүмкін. |
| Металл байламалар | Ұшқындауға алып келуі және пештің өртенуін тудыруы мүмкін. |
| Қағаз пакеттер | Пештің өртенуін тудыруы мүмкін. |
| Пенопласт | Пенопласт балқып кетуі немесе жоғары температура әсер еткенде тамақты бүлдіруі мүмкін. |
| Ағаш | Қысқа толқынды пеште пайдаланғанда сүрек кебеді және оның жарылуы немесе шытынауы мүмкін. |
| Дерев | Деревина висихає під час використання в мікрохвильовій печі і може розколотися або тріснути. |

ПЕШТІ ОРНАТУ

Пеш бөліктерінің және аксессуарларының атаулары

Қаптаманың ішіндегісін шығарыңыз, сондай-ақ пештен аксессуарларды шығарып алыңыз. Сіздің пешіңіз келесі аксессуарлармен жеткізіледі:

- Шыны поднос 1
- Жиналған бұрма диск 1
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық 1



- A) Басқару панелі
- B) Бұрма үстел білікшесі
- C) Жиналған бұрма диск
- D) Шыны поднос
- E) Бақылау терезесі
- F) Жиналған есік
- G) Қауіпсіздікті бұзғаттау жүйесі

Қақтама үстелшесі (тек қана қақтама топтамасына арналған)

Жұмыс кезінде есікшені ашқанда пешке қуаттың берілуін өшіріңіз.

Бұрма үстелді орнату

Күпшек (төменгі жақ)

Шыны поднос



Бұрма үстел білікшесі


- a. Шыны подносты ешқашан түбін жоғары қаратып орнатпаңыз. Шыны подностың қозғалысы ешнәрсемен шектелмеуі тиіс.
- a. Шыны подносты және бұрма дискті әрдайым тамақ дайындағанда пайдалану қажет.
- a. Тамақ дайындағанда барлық азық-түлік пен тамақ салынған контейнерлер шыны подносқа орналастырылады.
- a. Егер шыны поднос немесе бұрма диск жарылып немесе сынып қалса, ең жақын орналасқан авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Жиналған бұрма диск


Орнату


1. Қысқа толқынды пеш камерасының бетінде табылған қорғаныс үлдірді алып тастаңыз, магнетронды қорғау үшін пеш қуысына бекітілген ақ слюдалық тілімшені алып тастамаңыз.
2. Бұл пеш үшін тек қана кіріктірілген пайдалану қарастырылған. Ол бар үстелшесінде немесе шкафтың ішінде пайдалануға арналмаған.
3. Электрлік аспапты ені 60 см (тереңдігі кем дегенде 55 см) қабырға шкафына орнатуға болады.
4. Электрлік аспап ашамен жабдықталған және тиісті түрде жерге тұйықталған розеткаға ғана тығылуы тиіс.
5. Желінің кернеуі паспорттық мәндері бар тілімшеде көрсетілген кернеуге сәйкес келуі тиіс.
6. Тек қана білікті электрші розетканы орната алады немесе жалғаушы кабельді ауыстыра алады. Егер орнатқаннан кейін аша қолжетімсіз болса, орнату орнында барлық полюстердегі түйісулер арасында кем дегенде 3 мм саңылауы бар ажыратқыш болуы тиіс.
7. Адаптерлер, бірнеше розеткалары бар тақтайшалар мен ұзартқыштар пайдаланылмауы тиіс. Тым артық жүктеу өрт шығу қатерін тудыруы мүмкін.

Орнату сызбасы



1-қадам





Орнату кезіндегі ескерту:


Өнімді орнатқанда, пайдалану кезінде бірқалыпты ашылуды қамтамасыз ету үшін А саңылауының 5 мм-ден астам енінің сақталуына көз жеткізіңіз.



Ас үй жиһазына микротолқынды пешті салғанда, жақтау жоғарыдан және төменнен 12 мм ас үй шкафы сөрелерінің шетжақтарын біркелкі жауып тұратындығын есте сақтаңыз.


Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



1. Сағатты баптау


Қысқа толқынды пеш желіге қосылғанда, дисплейде «0:00» көрсетіледі, бір реттік дыбыстық сигнал естіледі.

- 1) «» түймесін екі рет басыңыз, сағат цифрлары жыпылықтай бастайды.

- 2) Сағаттың мәнін өзгерту үшін «» және «» түймелерін басыңыз, 0-ден 23-ке дейінгі мәнді таңдаңыз.







- 3) «» түймесін басыңыз, минуттық цифрлар жыпылықтай бастайды.


- 4) Минуттардың мәнін өзгерту үшін «» және «» түймелерін басыңыз, 0-ден 59-ға дейінгі мәнді таңдаңыз.


- 5) Сағатты баптауды аяқтау үшін «» түймесін басыңыз. «:» жыпылықтайтын болады, уақыт көрсетіледі.



Ескерту: 1) Егер сағат бапталмаған болса, қуат көзі қосылғанда олар жұмыс істемейтін болады.
2) Егер сіз сағатты баптаған кезде «ТОҚТАТУ/Болдырмау» түймесін басатын болсаңыз, пеш автоматты түрде алдыңғы күйге қайта оралады.



2. Қысқа толқынды пеште дайындау


«» түймесін басыңыз, жарықдиодты индикаторда «900» мәні көрсетіледі, қалаған қуатты таңдау үшін «» және «» түймелерін басыңыз, сонда әрқайсысы үшін «900», «800» ... «200», «100» мәндері көрсетілетін болады. Растау үшін «» түймесін басыңыз. Қысқа толқынды пеш қуатын тікелей растау үшін «900» және «600» түймелерін басыңыз. Содан кейін дайындау уақытын 0:05-тен 95:00-ге дейін орнату үшін, «» және «» түймелерін басыңыз.

Дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.

- 1) «» түймесін бір рет басыңыз, экранда «900» көрсетіледі.

- 2) Қысқа толқынды пеш қуатының «800» мәнін таңдау үшін «» түймесін тағы бір рет басыңыз. Растау үшін «» түймесін басыңыз.





- 3) Содан кейін дайындау уақытын орнату үшін «20:00» пайда болғанша «» және «» түймелерін басыңыз.

- 4) Дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.



Ескерту: уақытты реттеу аралығы мыналарды құрайды:

| | |
|-----------|-------------|
| 0–1 мин | : 5 секунд |
| 1–5 мин | : 10 секунд |
| 5–10 мин | : 30 секунд |
| 10–30 мин | : 1 минут |
| 30–95 мин | : 5 минут |

3. Қақтама немесе комби. Тамақты дайындау

«» түймесін бір рет басыңыз, жарықдиодты индикаторда «G» көрсетіледі және дайындау уақытын 0:05 - 95:00 аралығында орнату үшін «» және «» түймелерін басыңыз. Дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.






1) «» түймесін бір рет басыңыз, дисплейде «G» көрсетіледі.

2) Дайындау уақытын орнату үшін «10:00» пайда болғанша «» және «» түймелерін басыңыз



3) Дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.

Ескерту: қақтама режимінде уақыттың жартысы өткеннен кейін пеш үш реттік дыбыстық сигнал береді, бұл қалыпты жағдай. Бұл сіз тамақтың жақсы дайындалуы үшін қақтамада тамақты аударуыңыз үшін қарастырылған. Тамақты аударғаннан кейін есікті жабу қажет, содан кейін басқа операция болмаса, пеш дайындауды жалғастыра береді.

4. Комби. Тамақты дайындау

«» түймесін бір рет басыңыз, жарықдиодты индикаторда «C-1» пайда болады және «» түймесін екі рет басыңыз, сонда жарықдиодты индикаторда «C-2» пайда болады, содан кейін дайындау уақытын 0:05 - 95:00 аралығында орнату үшін «» және «» түймелерін басыңыз. Дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.

1) «» түймесін бір рет басыңыз, дисплейде «C-1» көрсетіледі.


2) Дайындау уақытын орнату үшін «10:00» пайда болғанша «» және «» түймелерін басыңыз.


3) Дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.




Қақтама / Комби. Басқару жөніндегі нұсқаулар

| Тармақ | Дисплейдегі хабарлар | АЖЖ-қуат | Қақтама қуаты |
|--------|----------------------|----------|---------------|
| 1 | C-1 | 60% | 40% |
| 2 | C-2 | 30% | 70% |


5. Жылдам старт



- 1) 100%-дық қуатпен дайындауды бастау үшін күту режимінде «» түймесін басыңыз, бұл дайындау уақытын 30 секундқа, тіптен 95 минутқа дейін арттырады.


- 2) Қысқа толқынды режимде, дайындау (қақтама/комби) немесе жібіту режимінде «» түймесін әр басу дайындау уақытын 30 секундқа арттырады.

- 3) 100%-дық АЖЖ-қуатымен дайындау үшін күту режимінде «» және «» түймелерін басыңыз, содан кейін дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.


6. Салмағы бойынша еріту



- 1) «» түймесін бір рет басыңыз, дисплейде «dEF1» пайда болады.


- 2) Тағамдардың 100-ден 2000 г дейінгі салмағын таңдау үшін «» және «» түймелерін басыңыз.

- 3) Ерітуді бастау үшін «» түймесін басыңыз.




7. Уақыт бойынша еріту



- 1) «» түймесін екі рет басыңыз, дисплейде «dEF2» көрсетіледі.


- 2) Еріту уақытын орнату үшін «» және «» түймелерін басыңыз.

- 3) Ерітуді бастау үшін «» түймесін басыңыз.


8. Мәзір




«» түймесін бір рет басыңыз, жарықдиодты индикаторда «P1-P8» пайда болады, содан кейін таңдау үшін «» түймелерін басыңыз, сонда келесі операцияларға сәйкес келетін «P1» - «P8» аралығындағы мәндер көрсе тіледі: торт, пицца, көже, ет, макарондар, көкөністер, картоп және жылыту. Растау үшін «» түймесін басыңыз.



Мәзірде әдепкі қалпы бойынша салмақты таңдау үшін «» және «» түймелерін басыңыз.


Дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.

Мысалы: 400 г көкөніс дайындау үшін сіз «Мәзір» тамағын пайдаланғыңыз келеді.

- 1) «» түймесін бір рет басыңыз, жарықдиодты индикаторда «P1» көрсетіледі.

- 2) «P6» таңдау үшін «» және «» түймелерін таңдаңыз. Растау үшін «» түймесін басыңыз.

- 3) Салмақты таңдау үшін, «400» пайда болмайынша «» және «» түймелерін басыңыз.

- 4) Дайындауды бастау үшін «» түймесін басыңыз.

Мәзір кестесі:

| Мәзір | Салмақ | Дисплейдегі хабарлар |
|------------------|--------|----------------------|
| P1 Торт | 200 г | 200 г |
| | 475 г | 475 г |
| P2 Пицца | 200 г | 200 г |
| | 400 г | 400 г |
| P3 Кеже | 200 г | 200 г |
| | 400 г | 400 г |
| | 600 г | 600 г |
| P4 Ет | 200 г | 200 г |
| | 400 г | 400 г |
| | 600 г | 600 г |
| P5 Макарондар | 50 г | 50 г |
| | 100 г | 100 г |
| | 150 г | 150 г |
| P6 Көкөністер | 200 г | 200 г |
| | 400 г | 400 г |
| | 600 г | 600 г |
| P7 Картоп | 250 г | 250 г |
| | 500 г | 500 г |
| | 750 г | 750 г |
| P8 Жылыту | 200 г | 200 г |
| | 400 г | 400 г |
| | 600 г | 600 г |

9. Таймер


1)  түймесін бір рет басыңыз, дисплейде «0:00» көрсетіледі.

2) Таймерді орнатыңыз.



3) Таймерді іске қосу үшін  түймесін басыңыз.

4) Кері санақ басталмас бұрын сигнал 1 рет естіледі.



10. Қосымша функциялар


1) Тамақ дайындау режимінде  түймесін басыңыз, ағымдағы уақыт 3 секундқа көрсетіледі.

2) Қысқа толқынды пеш режимінде  түймесін басыңыз, ағымдағы қуат 3 секундқа көрсетіледі.

3) Қақтама және комби режимдерінде   түймесін басыңыз, ағымдағы режим 3 секундқа көрсетіледі.

11. Балалардан бұғттау функциясы

Бұғаттау Күту режимінде 2 секунд бойы «» түймесін басыңыз, пеш балалардан бұғаттау режиміне кіруді білдіретін ұзақ дыбыстық сигнал береді. Егер уақыт орнатылған болса, бұғаттау индикаторы көрсетіледі, қарсы жағдайда жарықдиодты индикаторларда «» көрсетіледі.

Бұғаттау режимінен шығу: Бұғатталған күйде 3 секунд бойы «» түймесін басыңыз, пеш бұғаттау алынғанын білдіретін ұзақ дыбыстық сигнал береді.

Ақаулықтарды іздеу және жою

| Қалыпты | |
|---|--|
| Қысқа толқынды пеш ТД қабылдауға кедергі жасайды. | Радио және ТД қабылдау қысқа толқынды пеш жұмыс істегенде бұзылуы мүмкін. Ұқсас жағдаят миксер, шаңсорғыш немесе электрлік желдеткіш сияқты шағын электрлік аспаптарды пайдаланғанда пайда болады. Бұл қалыпты жағдай. |
| Ішіндегі жарық күңгірт жанады. | Тамақты қуаты төмен қысқа толқынды пеште дайындағанда тұмшапештегі жарық күңгірттенуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. |
| Есікшенің булануы, желдеткіш тесіктерінен ыстық жел соғады. | Тамақ дайындағанда одан бу шығуы мүмкін. Бу желдеткіш тесіктерден шығады. Алайда оның кейбір бөлігі есікше сияқты суық беттерде жиналуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. |
| Ішінде тамағы жоқ пеш кездейсоқ іске қосылды. | Ішінде қандай да бір тамағы жоқ құрылғыны іске қосуға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті. |

| Ақаулық | Ықтимал себебі | Жою тәсілі |
|--|--|--|
| Пешті қосу мүмкін емес. | (1) Қуат беру баусымы тығыз қосылмаған. | Ажырату. 10 секундтан кейін тағы бір рет қосу. |
| | (2) Сақтандырғыш немесе автоматты сөндіргіш іске қосылады. | Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе (кәсіпқой маман жөндеген) автоматты сөндіргішті қайталап іске қосыңыз. |
| | (3) Розеткаға қатысты проблема. | Розетканы басқа электрлік аспаптармен сынаңыз. |
| Пеш қызбайды. | (4) Есік нашар жабылған. | Есікті мықтап жабыңыз. |
| Бұрма шыны үстел қысқа толқынды пеш жұмыс істеген кезде шуыл шығарады. | (5) Диск немесе пештің түбі ластанған. | «Қысқа толқынды пешті жөндеу» тарауына жүгініңіз. |



Электрлік және электрондық жабдық (WEEE) қалдықтары жөніндегі директиваға сәйкес, WEEE жеке құрастырылған және өңделген болуы тиіс. Егер болашақта кез келген уақытта сізге осы өнімді кәдеге жарату қажет болса, бұл өнімді тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратпауды сұраймыз. Мүмкіндік болған жағдайда осы өнімді WEEE жинау орындарына жіберуіңізді сұраймыз.



Қол тигізуге болатын бет жұмыс кезінде ыстық болуы мүмкін.

Тасымалдау және сақтау

Өнімді онда көрсетілген белгілерге сәйкес бастапқы орауышына тасымалдау және сақтау керек.

Жүктеу, түсіру және тасымалдау кезінде абай болыңыз.

Көлік құралы және қоймасы сақтау өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауы керек

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Клиенттерді қолдау қызметі

Нуге компаниясының тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне, сондай-ақ түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдалануға кеңес береміз. Егер сіздің тұрмыстық техникамен қиындықтарыңыз болса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз проблемаңыздың шешімін таба алмаған болсаңыз, мынаған жүгініңіз:

- біздің ресми дилерімізге немесе
- колл-орталыққа қоңырау шалыңыз:

- 8-800-070-01-29 (РҚ)

— support-kz@haieronline.kz сайтына кіріңіз, онда сіз қызмет көрсету туралы сұрау жібере аласыз және жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде, төмендегі ақпаратты дайындаңыз, ол сіз төлтеушінің атына және тексеруге болады:

Модельі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____

Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттардың болуын тексеріңіз.



Маңызды! Құралда сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін құралды сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдік қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді.

Құралдан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз бір өзгерістердің енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұдан әрі ескертусіз бұйымның дизайны мен жабдықтарына өзгерістер енгізуге құқылы.

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кеден) одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификаты № ЕАЭС RU C-CN.AЯ46.B.39249/25 19.02.2025 бастап 18.02.2030 дейін әрекет етеді.

Сәйкестік туралы декларация № ЕАЭС N RU Д-CN.PA02.B.13104/25 20.02.2025 бастап 19.02.2030 дейін әрекет етеді.

* Толығырақ мәліметтер берілген сәйкестік сертификаттары мен тіркелген декларациялардың бірыңғай тізілімінде көрсетілген Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестігі туралы.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай* кепілдікті мерзімді белгілейді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

8 (800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Кепілдікті көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоназыту контуринен және электрлік қосылғыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- сұқбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгің қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған төрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішекелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
- басқару пультітері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірін болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

* Кір жуатын/кепіретін/ыдыс жуатын машинаның инверторлық моторына, тоназытқыш/мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кепіретін машинаның компрессорына кепілдік мерзімі - тауар Тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Кір жуатын/кепіретін машинаның тура жетекті моторына (статор, ротор) шексіз кепілдік беріледі.

Haier

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech
Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-
тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом
8, этаж 16, офис 1601.

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу
ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан: ТОО
«Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский
район, Проспект Достык, дом 210.

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления и
гарантийный срок указаны
на этикетке устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының
заттаңбасында көрсетілген

